

**«ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**  
**«Айгөлек» жеке бөбекжайы**  
**«Қамқоршылық кеңесінің» отырысы**  
**Хаттама №3**

Күні: 23.04.2026 ж.

Қатысқындар: бөбекжай директоры А.Х.Қошбаева, хатшы А.К.Құрметова,  
Қамқоршылық кеңес мүшелері

**Күн тәртібінде:**

- I. Бөбекжайдың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын бекіту;
- II. Педагог болып табылмайтын қызметкерлер үшін әдеп кодексін дайындап, бекіту.
- I. **Тыңдалды: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Т.М.Нагимов 18.09.2020 жылғы** № 1-16\3505 шығыс хатында 2020 жылдың 26 тамызында № 5958 хатын жұмыс үшін жолдап отыр. Және хатқа қосымша әдеп кодексін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың жобасын ұжымда, қамқоршылық кеңестің отырысында қарап, тыңдалуы қажеттігін, ұсыныстар енгізіп жұмыс барысында басшылыққа алынуын атап айтқан болатын.

Білім беру ұйымдарында соңғы үш жылда 412 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тіркелген. Оларды жасағаны үшін 246 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны туралы айтылған. Осы тұрғыда жемқорлықты азайту мақсатында сыбайлас жемқорлық пен әдеп кодексінің жобасын білім беру ұйымдарында дайындап бекіту ұсынылды. Осыған орай бөбекжайда Әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының жобасын дайындалғаны туралы айтып таныстырып өтті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта, саладағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру кезінде;

1) Заңдылық қағидаттарын, Конституция, ҚР заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа алу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қатаң сақтау;

2) Мүдделер қақтығысы туындауының кез келген ықтимал жағдайларына жол бермеу жөнінде шаралар алу

3) Жеке және заңды тұлғалардың өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына кедергі келтіретін әрекеттерге жол бермеу;

4) Өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және онымен байланысты мүмкіндіктерін жеке мүліктік және мүліктік емес игіліктер алу үшін пайдаланбау;

5) Жоғары кәсіби жұмыс үшін барлық күш жігерін салу, қойылған міндеттерді шешу үшін оңтайлы, ұтымды және өзге де жетік тәсілдерді қолдану;

6) Қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіби деңгейін және біліктілігін үлгісіне арттыру;

7) Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қызметтік бабын асыра пайдалануға, заңсыз төрешілік және сөз бұйдаға салу, сондай-ақ дәрежелік көріністеріне жол бермеу;

8) Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды және қорғауды қамтамасыз ету;

9) Әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау.

Өз құзыры шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

1) ҚР заңнамасын сақтау

2) Құпиялықты сақтау, қызметтік және мемлекеттік құпияларды қамтамасыз ету;

3) Кәсіби әдепті сақтау;

4) Басқа тұлғалардың оны сыбайлас құқық бұзушылық жасауға итермелеу жағдайлары туралы жазбаша түрде бөлім басшысына уәкілетті мемлекеттік органдарға дереу хабарлау;

5) Еңбек тәртібін бұлжытпай сақтау, берілген өкілеттіліктерді тиімді қолдану, өзінің лауазымдық міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқару, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалану;

6) Лауазымдық міндеттерін атқару кезінде жеке және заңды тұлғаларға артықшылықтар көрсетпеу, олардың ықпалынан тәуелсіз болу;

7) Әріптестері мен басшыларға өзара қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын өтінімдер жасаудан аулақ болу, керек екенін атап айтты.

**Жарыссөз: Кеңес мүшесі: Г.А.Жумакулова**

Білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында әртүрлі шаралар ұйымдастырылып отырады деп ойдаймын. Әрқашан да бұндай игі іс-шаралар біздер қамқоршылық кеңесі мүшелері жұмыла атсалысамыз деген ойындамын және де кеңес мүшелерін бірлесіп жұмыс жасауға шақырамын.

**II.Тыңдалды: Кеңес мүшесі: Э.Жусупова** оның сөзі бойынша: 26.08.2020ж № 5958 хатында 1 және 2 бөлімдерінде былай делінген: 1) білім беру ұйымының ішкі құқықтық актілерімен бекітілетін әдеп кодексінің үлгісі жапғанды, 2) қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек шарттарында Әдеп кодексін сақтау жөніндегі міндетін көрсету ұсынылды. Осыған орай бөбекжайда педагог болып табылмайтын тұлғаларға әдеп кодексін дайындау қарастырылды. Педагог болып табылмайтын адамдар яғни есепші, медбике, аула сыпырушы, күзетшілер сияқты т.б қызметкерлердің, қызметкер мен жұмыс берушінің арасындағы келісім шарттың № 2 қосымшасына әдеп кодексін сақтау туралы жаңа тармақ еңгізіліп, қызметкерлер таныстырылуы керек екені айтып өтті.

«ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Айгөлек» жеке бөбекжайы педагог болып табылмайтын тұлғалар үшін әдеп ережелері:

1. «ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Айгөлек» жеке бөбекжайы қызметкерлері міндетті;

1.1 «ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Айгөлек» жеке бөбекжайы қызметкерлері мен педагог мамандары абыройлы атақпен адал еңбегімен еңбек атқара отырып, бөбекжай мәртебесін абыроймен арттыру.

1.2 Бөбекжай миссиясын жүзеге асыру және бірлестікпен өз миссиясын кәсіби қызметінде сәйкестендіру.

1.3 Іске асыруға мәлімделген бөбекжай мақсаттары мен міндеттеріне жауапкерлікті толық қабылдауға, бөбекжай қызметінің нәтижелеріне қатысуға.

1.4 Өзінің қызметтік міндетін орындауда жоғары мәдениеттілігін, жауапкершілігін, адалдығын, объективтілігін көрсету, тәрбиеленушілермен, ұжымдастарымен мейірімді қатынас жасау, өзара қарым-қатынаста сыйластықты басшылыққа алу.

1.5 Кәсібилікке ұмтыу, үнемі отандық және шетел ғылымдарының тәжірибесі мен жетістігін оқи отыра өз білімін көтеру.

1.6 Бөбекжайға, бөбекжай тарихына, дәстүріне құрметпен қарап ұқыпты қатынас жасау арқылы тәрбиеленушілер үшін еңбек тәртібінің үлгісі болу.

1.7 Бөбекжайдың іскерлік беделін бағалау, бөбекжай қызметіне, абыройы мен беделіне нұсқан келетін кез-келген әрекеттің жолын кесуге.

2. Қызметкерлер мен педагог мамандарға тиісті:

2.1 Ұжымдастары мен тәрбиеленушілерге дөрекі сөздерді қолдану арқылы мәртебесін түсірмеуге, тегімен атап өркөкіректілік көрсетпеуге.

2.2 Тәрбиеленушілердің көзінше ұжымдасының жеке өмірі мен кемшілік тұстарын талқыламауға.

2.3 Бөбекжайға масаң күйінде келмеуге және алкогольді сусындар қолданбауға, арналмаған орында шылым шекпеуге.

2.4 Ата-аналардан сыйластықтар, ақшалай сыйақылар қабылдамауға.

2.5 Діни идеялар таратпауға, сонымен қатар конфессияаралық келісім мен ұлтаралық бірлікке қарсы пікірлер қалыптастырмауға. Бөбекжайда және басқа да қоғамдық орындарда хиджаб, қысқа шалбар кимеуге, сақал қоймауға.

2.6 Жұмысқа кешікпеуге және өзінің қызметтік міндетін орындау барысында күн режимін қатаң сақтауға.

2.7 Өзінің қызметтік міндетін орындау кезінде дөрекілік, алаңғасарлық танытпауға.

2.8 Тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста, білімін бағалау кезінде өзінің қызметтік өкілеттілігін асыра пайдаланбауға.

2.9 Бөбекжай әкімшілігі мен оның құрылымдық бөлім қызметінің шешімі туралы нақты емес ақпаратты таратпауға.

Ұсыныс:

Ұсыныс: «ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Айгөлек» жеке бөбекжайы меңгерушісі, осы ҚБББ хатына сәйкес, «Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» жөніндегі уәкілді, хатта көрсетілгендей директор орынбасарын тағайындауды және уәкілдің міндеттерін жүктеуді ұсынамыз.

**Жарысөздер: кеңес мүшесі: Т.Г.Едресова**

Құрметті кеңеске қатысушылар, өздеріңізге таныстырылып өткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт және әдеп кодексі бөбекжайда аса қажет деп ойлаймын. Бөбекжайда сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, мемлекеттік сатып алу процессі барлығы анық болуы, айқын болуы және қызметкерлердің әдебін қамтамасыз ету барлығы осы стандарт пен әдеп кодексінде нақты көрсетілген. Осы құжаттамаларды басшылыққа алып ішкі құқықтық актілер шығарылсын деп өз сөзін аяқтады.

### Қабылданған қаулы:

1. «ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Айгөлек» жеке бөбекжайы-на сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының жобасы бекітіліп, басшылыққа алынсын.

2. Педагог болып табылмайтын қызметкерлер үшін әдеп кодексі бекітілсін. Қызметкерлер өндірістік жиналыста толық таныстырылып, жұмыс барысында қаперге алынсын. «Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» жөніндегі уәкілді, хатта көрсетілгендей директор орынбасары тағайындалып, міндеттері жүктелсін.

Төрайымы А.Х.Кошбасва

Хатшы А.К.Құрметова

